

"Спорт медицинасы мен оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 наурыз N 323

Спорттық резерв пен Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын сапалы даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Спорт медицинасы мен оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің қарамағына берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі "Спорт медицинасы мен оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісін жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 527-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде реттік нөмірі 62-жол алынып тасталсын;

3) < * >

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі